

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨңІРІНДЕГІ МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗДІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Д. М. Құттыбаева, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті

Ғылыми жетекші: **Б. Г. Шынтемирова**, тарих ғылымдарының докторы, профессор
Батыс Қазақстан инженерлік-гуманитарлық университеті

Бұл мақалада Қазақстанның батыс өңіріндегі мерзімді баспасөздің қалыптасу тарихы баяндалады. Сол кезде көпшіліктің көңілінен шыққан «Дала уалаяты», «Торғай», «Қазақ», «Уралец» газеттерінің қоғамдық санаға ықпалы туралы сөз болады. Баспасөздің дамуына елеулі үлес қосқан қайраткерлер жөнінде мәліметтер келтірілген. Қазіргі қоғамдағы мерзімді баспасөздің алатын орны жан-жақты ашылады.

В данной статье рассматривается история становления периодической печати в западном регионе Казахстана. О влиянии на общественное мнение того времени, таких газет как «Дала уалаяты», «Торғай», «Қазақ», «Уралец». Приведены много данных о деятелях, которые внесли посильный вклад в развитие печати.

The article discusses historical formation of periodical press in western region of Kazakhstan. The effect on public opinion of the time, such as newspapers «Dala ualayaty», «Torgay», «Kazak», «Uralets». A lot of data on the figures who have made a contribution to the development of printing is given.

XXI ғасырда баспасөздің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенділігі арта түскені мәлім. Өйткені баспасөздің рөлі оның санымен емес, ұлттық мүддеге негізделген қызметімен өлшенетіндігі белгілі. Баспасөз – сан ғасыр бойы отаршылдық тепкінің астында қалған халқымыздың мүддесіне сай аумалы-төкпелі заманда жанында болып, жаңа құрылысты өмірге жол сілтеді, сол жолда бағдар-бағыт берді. Егеменді еліміз өркениетке көшін қомдап түзеген шақта Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев: «Тәуелсіздігімізді баянды етіп, осыған дейінгі ғасырлар бойы жасалып келген рухани байлықтарымыздың қайнарларын бұзбай, оны өрісі кең әлемдік өркениетке ұластыру керек», – деп баспасөзге үлкен міндет жүктеген еді.

Тарих куә боп отырғандай, Қазақстандағы бұқаралық ақпарат құралдарының өмір сүре бастағанына 140 жылдан астам уақыт болды. Осы уақыт ішінде мерзімді баспасөздердің талайы құрылып, талайы жабылды. Олардың ішінде партиялық, қоғамдық-саяси, экономикалық, білім мәселелері, денсаулық, мәдениет пен өнер жөніндегі, тіпті әйелдер мен балаларға арналған басылымдар да болғаны белгілі. Бұлай болуының да себебі әр алуан. Революциялық жаңғыртуларды жария етіп, Қазақстан дамуының белгілі тарихи кезеңінде өз борышын орындап, белгілі бір саяси жағдайда санының көп болғандығы тарихта мәлім.

Республикамыздың тәуелсіздігі баянды етіліп, еркіндіктің түндігі ашылғаннан бергі мерзімді баспасөздің тарихының қайта жазылу қажеттілігі – заман талабы. Ұзаққа созылған отаршылдық үстемдік қазақ халқының шынайы тарихын жазуға мүмкіндік бермеді. Міне, енді ғана тарихымыз әлемдік дәрежеде зерделеніп, жас ұрпаққа белгісіз болған сан асыл мұраларымыз халқымызбен қайта табысты. Тарих сахнасында пайда болған баспасөздің атына қарап, қай заманның, қай қоғамның сойылын соғып, саясатын жүргізгенін аңғару қиын емес. Бірақ сол тағдырдың тайталасында мың өліп, мың тірілген баспасөзіміз қашанда әділеттің ақ жолынан ауытқымай, бізге өмір шындығын қаз қалпында жеткізуге, халық санасын оятуға тырысты.

Ендеше, өлкеміздегі баспасөздің қалыптасуының қаншалықты деңгейде болғанына көз жүгіртсек, XIX ғасырдың II жартысынан бастау алған Қазақстанның өзге өңірлері секілді Жайық өңіріндегі батыс аймақтың баспасөзінің бай тарихы бар. Бұл кезде патша өкіметі өз билігін күшейту мақсатында, орыс шаруаларын тыныштығын ұстап тұру үшін оларды қазақ

жеріне көшірді. Сонымен қатар қазақ пен орысты араластырып қазақтың елдігін, ұлттығын айыру мақсатын көздеді. 1868 жылы патша үкіметі «Дала облыстарын басқарудың уақытша ережесі» атты реформасына сай 1869 жылы Орал облысы құрылып, оның құрамына Оралдық казак әскери аумағы мен Орынбор казактарының жерлері біріктірілді. Облыс Орал, Ілбішін, Гурьев және Темір уездіктеріне бөлінді, сондай-ақ оның құрамына Маңғыстау, приставының жерлері де кірді. Орыс отаршылдары егінге жарамды жерлердің барлығын қазақтардан тартып алып, Ішкі Ресейден шаруаларды әкеп қоныстандырған. Жайық бойындағы жерлерге бір адам аттап кіре алмайтын қазақтар өз жерінде өгей баланың күйін кешті [1].

Осылайша Ресей империясы қазақ жерін толық жаулап алғаннан кейін, бұл аймақта өз саясатын орнықтырып, насихаттау мақсатында газеттер ашты. Батыс Қазақстандағы мерзімді баспасөздің алғашқы пайда болуымен және даму тарихына қысқаша тоқталсақ. Алғаш 1867 жылы Орал қаласының мәдени өмірінде елеулі оқиға болған «Уральские войсковые ведомости» атты апталық газет жарық көрді. Оның алғашқы редакторы П.Назаров болған, газет алғашқы нөмірінен Ресей патшасына қызмет еткен Орал казактарының әскери құрамаларын реформалау, олардың үлесіндегі жер-су көлемін өзара реттеу, әскери қимылдардың орталықпен почта байланысын күшейту, Жайықтан балық аулау кәсібін жетілдіру және т.б мәселелер туралы жазып, отарлау саясатын ұстанды. Балық аулау кезінде мысалы, кімнің мол ат-арбасы, ау-құралдары, балық таситын жүкшілері, азық-түлік қорлары болған адамдарға балық тартымының соңғы тартымына қатысуға рұқсат беріледі. Алайда сол кездегі адамдардың балық аулауға төлейтін 2-3 рубль тұратын рұқсат қағазын да ала алмайтын күйде болғанын «Уральские войсковые ведомости» газеті жазған [2].

Сонымен бірге, Орал қаласында 1891 жылы «Уральский листок» газеті шыққан. Әу баста, хабарландыру беретін газет болғанмен, 1893 жылдағы № 48 санынан бастап әдеби-саяси, экономикалық басылымға айналды. Редакторы әрі шығарушысы М. Жавронкова болды.

1897 жылы «Уралец» газеті жарық көрді. Бұл газет 1903 жылдан кейін «Уральский дневник» атауына ие болды. 1897-1909 жылдары аптасына 3 рет шығып, құрылтайшысы К. В. Ванюшкин, редакторлары М. С. Сладков, 1897 жылдың № 48 санынан бастап Б. А. Турыбрин, № 7 санынан 1899 жылдан бастап Н. М. Логашкин, 1902 жылдары Н. Д. Аржанов, 1905 жылдары А. Тухфатуллин шығарушы болды. 1906 жылдың 20 қаңтарында соттың шешімімен уақытша тоқтатылды. Аталмыш газетте татар ақыны, демоктар-публицист Ғ. Тоқай жұмыс істеген. Сондай-ақ, А. Тұхфатуллин Орал қаласындағы медреседе мұғалім болып жүріп татар тілінде «Новый век» газетін шығарып, кейін «Мысль» газетінде белсене жұмыс істейді. Аталмыш газеттер жабылғасын «Новая жизнь», «Стрелы» сатиралық журналында жұмысын жалғастырады. Аталмыш газет-журналдар алғашқы татар халқының басылымдарының бірі болып саналады. Сол жылдары Орал қаласының әдебиет сүйер қауымы студенттік жинағын шығарған.

Батыс Қазақстан өлкесіне алғашқы уақытта мерзімді баспасөз орыс тілінде жеткен. Қазақстанның қалаларында патшаның жергілікті әкімшілік орындарының ресми органдары болып табылатын газеттер шыға бастады. «Облыстық ведомостволармен» қатар қазақ тіліне аударылып, Орынборда «Торғай» газеті, Омбыда «Дала уалаяты» «Ауыл шаруашылығы листогы» сияқты газеттер шығып тұрды. Сондай-ақ Оралда, Астраханьда және басқа кейбір қалаларда шығарылған газеттер де Қазақстан өмірімен байланысты болды. Бұл газеттердің мақсаты патша өкіметінің отаршылдық саясаты аясында, оның бұйрық-жарлықтарын қазақ тілінде жариялап, ресми көзқарастарын халық арасында кеңінен таратып, көпшілікке жеткізу еді. Бірақ уақыт өте Қазақстанда баспасөз жергілікті жердегі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өндірісін, сауданың дамуы туралы жазып тұрды. Бұл газеттер Ресей үкіметі қойған міндеттер мен мақсаттарға, оның отаршылдық саясатын жүзеге асыруға қызмет еткенімен, қазақ тілі мен жазба әдебиетін қалыптастыруға, қазақтың әлеуметтік шаруашылық және мәдени өмірінің мәселелерін көтеруге де едәуір үлес қосты. Газет негізінде жергілікті отаршылдық әкімшілік органдардың ресми ұйымы бола тұрса да, халықты отаршылдыққа, өнер-білімге, мәдениетке шақыруда едәуір роль атқарды, қазақтың жазба әдеби тілінің дамуына зор ықпал жасады.

Байқап отырғанымыздай мерзімді баспасөздің әрге тасы сонау Орынбор, Омбы қалаларынан бастау алып, көршілес Орал өңіріне де құлашын ұрған. Бұл өлкедегі мерзімді баспасөздің зерттелуі жайына келгенде, Ф. Яхиннің «Из истории периодической печати г. Уральска», «Татарская литература периодической печати Уральска», «Жизнь и творчество Ризенддина Фахреддина» атты Қазан қаласынан басылап шыққан кітаптарының маңызы зор. Автор өз еңбектерінде Орал

өңіріндегі мерзімді баспасөзді қалыптастыруда татар газет-журналдарының және баспагерлерінің рөліне тоқталады. Қазақ зиялылары алғашқы саяси күреске де өз басылымдары болмағандықтан осы татар баспасөзі арқылы шықты. Олардың бұл бағыттағы қызметінің тұсауы «Фикер» газетінің жарық көруімен кесілді.

1907 жылдың 4 қаңтарынан 27 ақпанына дейін Орынбор қаласында «Орал» газеті жарық көріп, 31 нөмірі оқырман қолына тиді. Ол газет туралы сол кезде большевиктік «Пролетарий» газеті «Ұлтшылдық дегенді білмейтін нағыз социал-демократ» деп сипаттаған. «Орал» газеті Қазақстанның шет аймағында еңбекшілерге саяси тәрбие беруде үлкен роль атқарады.

1917 жыл – азаматтық қарсылық кезеңі басталғанға дейін Қазақстанның батыс өлесіндегі Орал жерінде дүниеге келген «Уральские войсковые ведомости», «Уральский листок», «Уралец», «Уральский дневник», татар тілінде «Фикер», «Әл-гасрель жәдид» (Новый век), «Уклар» (Стрелы) және т.б қалың бұқараның зор қолдауына ие болып, болашақ мерзімді баспасөздің талайының тұсауын кесті. Осы газеттердің алғашқы сандары Орал қаласындағы татар халқының адал перзенті Ғ. Тоқайдың өміріне арналған мұражайда сақталған. Мұражай орналасқан үйдің төменгі бөлмесінде баспахана орналасқан екен.

Ішкі Бөкей хандығы Жәңгір хан заманынан бастап Ресейдің Астрахань, Орынбор секілді іргелес жатқан қалалармен жиі араласуы, Орда мектебінде ұстаздық еткен өзге ұлт зиялылары арқылы да қазақ даласына келген газет-журналдар біздің халқымыздың ой-санасының дамуына өз септігін тигізді. Сол кезде қалыптасқан қазақ интеллигенциясы өзімен бірге халықтың қамын жеп, сөзін сөйлейтін нағыз ұлттық газеттің дүниеге келуін тездетті.

Батыс Қазақстандағы ұлттық баспасөздің бастауы 1911 жылы 16 наурызда жарық көрген «Қазақстан» газетінен алады. Аталмыш басылымда 27 оқымысты қазақ жастарының ішінде Б. Қаратаевтың есімі ерекше аталады. Сондай-ақ, Ғ. Қараш, Е. Бұйрин, Ш. Бөкеевтер де атсалысқан [3].

1911 жылы Троицк қаласында жарық көрген «Айқап» журналы мен 1913 жылы 2 ақпанда Кәрімов-Хұсайновтар баспаханасында жарық көрген «Қазақ» газетінің беттерінде батыс өлкедегі жағдайларға тұрақты хабарлар басылып тұрды. Олардың бетінде Б. Қаратаев, Ғ. Қараш, Х. Досмұхамедов, Н. Ипмағамбетов, А. Мәмбетова, Ғ. Мұсағалиев, Ж. Сейдалиев, А. Кенжин сияқты азаматтар әртүрлі тақырыпқа қалам тартқан. Газет беттерінде ішкі және халықаралық өмірдің негізгі мәселелері туралы хабарлар жарияланды, майдан мен тылдағы жағдайға толық тоқталды.

Өлке баспасөзі тарихының кейбір мәселелері Р. Б. Сүлейменов, Х. И. Бисенов, А. Д. Яндаров, А. Қ. Қанапоин, М. Қозыбаев, М. Х. Асылбеков, Х. Абжанов, М. Қойгелдиев, Т. Омарбеков, Х. Табылдиев, Ғ. Н. Нығыметовтың еңбектерінде көрініс тапты.

Батыс Қазақстандағы баспасөз тарихы ғалымдар Т. З. Рысбеков, Б. Қ. Бірімжаров, З. К. Мухлисова, Ә. Қ. Мұқтар, И. Кенжәлиев, М. Тәжмұраттың арнаулы еңбектерінде де көрсетілген. Аталған зерттеулерде Батыс Қазақстанның баспасөз тарихының жаңа бір қырлары ашылды.

Қорыта айтқанда, өлкемізге тараған «Қазақ», «Алаш» және Ордадан шыққан «Ұран» газеттері батыс өлкеде адам адамдардың санасына сілкініс жасаған баспасөздер болды. Ұлттық басылымдарда жарық көрген мақалалардағы көкейтесті мәселелер-ұлттық дербестікке, өркениетке қол жеткізу, оқу-білімге ұмтылу, ғылым жетістіктеріне бой ұсыну, сонымен қатар дін, тіл мәселелерін қастерлеуді көтерді. Мұның өзі сол кездегі Батыс Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірді жақынырақ танып білу үшін үлкен дерек көзі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Герасимова Э. И. Уральск: Исторический очерк (1613-1917) / Э. И. Герасимова. – Алма-Ата : Наука. – 1969. – 264 с.
2. Уральские войсковые ведомости. – 1885. – № 38.
3. Кенжебаев Б. Қазақ баспасөзінің тарихынан (Тарихи очерк) / Б. Кенжебаев – Алматы : Казмембас. – 1950. – 38 б.
4. Ысмағұлов, М. Ш. Батыс Қазақстан облыстық тарихи өлкетану мұражайы. / М. Ш. Ысмағұлов – «Қазақстан газеті туралы» – № 871/25. – 83 б.